

**ХАБАРЛАМА: "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2012 жылдың 30 мамырына жоспарланған жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіне толықтыру енгізілді**

[/KASE, 14.05.12/](#) – 2012 жылдың 28 сәуірінде Қазақстан қор биржасы (бұдан әрі – KASE немесе биржа) өз акционерлеріне 2012 жылдың 30 мамырында акционерлердің жылдық жалпы жиналысы болып өтетіні туралы хабарлады.

Биржалық кеңестің шешімімен (2012 жылдың 14 мамырындағы # 09 отырыс хаттамасы) осы жиналыстың күн тәртібіне (мазмұны аталмыш хабарламада берілген) келесідей толықтырулар енгізілді:

- Листингтік комиссиясының Төрағасына және ол болмаған кезде немесе мүдделер қақтығысы орын алған кезде орнын басатын тұлғаларға ай сайынғы сыйақы төлеу туралы биржа акционерлерінің жалпы жиналыстарының шешімдерінің (2003 жылдың 27 қарашасындағы # 07 және 2006 жылдың 13 шілдесіндегі # 11 хаттамалары) күшін жою туралы.

Сұрақтарды қарау тәртібі аталмыш жиналыстың күн тәртібін бекіту барысында анықталады.

Биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама KASE веб-сайтында <http://www.kase.kz/news/show/1166189> мекен-жайы бойынша жарияланған.

[2012-05-14]